

## "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 1 шілдедегі № 533 қаулысы

"Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 4-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 1418 қаулысымен бекітілген "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының жарғысы 49-тармағының 15-6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Интергаз Орталық Азия" акционерлік қоғамының "Электро-ХСБМ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеумен бірге "Орта Азия – Орталық-4" магистральдық газ құбырын / "Орта Азия – Орталық-5" магистральдық газ құбырын / "Орта Азия – Орталық-4" лупингін күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды сатып алуын қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*